



Өңірлердегі инфляциялық үрдістер

2022 Маусым

2022 жылғы маусымда жылдық инфляция 14,5% құрады (мамырда - 14,0%). Азық – түлік тауарларының бағасы бір жылда 19,2% – ға (мамырда – 19,0%), азық – түлікке жатпайтын тауарлардың бағасы – 13,2% - ға (мамырда - 11,9%), ақылы қызметтер бағасы -9,2% - ға (мамырда - 9,1%) өсті.

Өңірлер бойынша жылдық инфляция 16 өңірде жеделдеп, 1 өңірде баяулады. Ең көп жеделдеу Маңғыстау (мамырда 15,2% - дан маусымда 17,0% - ға дейін) және Ақмола (13,9% - дан 15,3% - ға дейін) облыстарында тіркелді. Жылдық инфляцияның баяулауы Шығыс Қазақстан облысында (14,5%-дан 14,3% - ға дейін) байқалды. Жылдық инфляция 7 өңірде жалпы республикалық деңгейден жоғары болды, олардың ішінде ең үлкен мән Маңғыстау облысында тіркелді (17,0%).

1-сурет. Өңірлер бойынша инфляция серпіні (2021 маусым – 2022 маусым), %-бен

Маңғыстау	8,9 17,0	Абай	14,3
Түркістан	8,1 15,7	Алматы	7,7 14,3
Қарағанды	8,3 15,5	Шығыс Қазақстан	8,3 14,3
Ақмола	8,1 15,3	Алматы қ.	7,4 14,2
Ұлытау	15,3	Қостанай	8,1 14,2
Жетісу	15,0	Солтүстік Қазақстан	7,9 14,2
Нұр-Сұлтан қ.	7,3 14,6	Атырау	8,8 14,1
Ақтөбе	8,6 14,5	Қызылорда	7,8 14,1
Қазақстан Республикасы	7,9 14,5	Шымкент қ.	7,9 13,9
Батыс Қазақстан	7,8 14,4	Павлодар	8,3 13,8
		Жамбыл	7,7 13,7

Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ

Қазақстанда азық-түлік тауарлары Маңғыстау (23,6%), Ақтөбе (21,1%), Түркістан (21,0%), Атырау және Жетісу (20,1% - дан), Ақмола (20,0%), Жамбыл (19,6%) облыстарында, Алматы және Шымкент қалаларында (19,5%-дан), сондай-ақ Солтүстік Қазақстан облысында (19,3%) ел бойынша деңгейден (19,2% ж/ж) жоғары қарқынмен қымбаттады.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасының өсімі ел бойынша өсімнен (13,2% ж/ж) келесі өңірлерде жоғарырақ болды: Нұр-Сұлтан қаласында (16,4%), Қарағанды (15,3%), Маңғыстау (15,1%), Ұлытау (14,8%), Ақмола (14,6%), Абай (14,3%), Атырау және Шығыс Қазақстан (13,9%-дан), Солтүстік Қазақстан және Жетісу (13,8% - дан), сондай-ақ Қызылорда (13,4%) облыстарында.

Елімізде ақылы қызметтердің бағасы 9,2% ж/ж өсті, бұл ретте өсім Түркістан (11,4%), Қарағанды және Шығыс Қазақстан (11,3%-дан), Ұлытау (10,8%), Абай (10,7%), Батыс Қазақстан (9,7%), Маңғыстау (9,6%) облыстарында жалпы республикалық деңгейден жоғары қалыптасты.

1-кесте. Өңірлер бойынша ТБИ негізгі құрамдастары, %-бен, ж/ж

Өңір	Азық-түлік инфляциясы	Азық-түлік емес инфляция	Ақылы қызметтер инфляциясы
Қазақстан Республикасы	19,2	13,2	9,2
Ақмола	20,0	14,6	9,2
Ақтөбе	21,1	12,5	7,0
Алматы	19,2	12,7	8,8
Атырау	20,1	13,9	6,0
Батыс Қазақстан	18,8	12,6	9,7
Жамбыл	19,6	12,0	7,1
Қарағанды	18,5	15,3	11,3
Қостанай	19,1	12,6	8,6
Қызылорда	18,3	13,4	8,8
Маңғыстау	23,6	15,1	9,6
Павлодар	18,3	12,6	8,7
Солтүстік Қазақстан	19,3	13,8	7,4
Түркістан	21,0	12,2	11,4
Шығыс Қазақстан	16,5	13,9	11,3
Нұр-Сұлтан қ.	18,0	16,4	7,8
Алматы қ.	19,5	11,4	9,2
Шымкент қ.	19,5	10,8	9,1
Абай	16,8	14,3	10,7
Жетісу	20,1	13,8	8,8
Ұлытау	18,8	14,8	10,8

Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ

2022 жылғы маусымда елімізде айлық инфляция **1,6%** құрады, бұл соңғы 5 жылдағы (2017-2021 жж.) маусымдағы инфляцияның орташа мәнінен айтарлықтай жоғары. 2022 жылғы маусымда барлық өңірлерде баға өзінің орташа қалыптасқан нормасынан жоғары есті. Айлық инфляцияның ең көп үдеуі Маңғыстау облысында (2,6%) байқалды.

2-кесте. 2022 жылғы маусымдағы айлық инфляцияны 2017-2021 жылдардағы айының орташа мәнімен салыстыру, %-бен

Өңірлер	5 жылдағы маусымның орташа мәні	Маусым 2022	Өңірлер	5 жылдағы маусымның орташа мәні	Маусым 2022
Қазақстан Республикасы	0,5	1,6	Қарағанды	0,5	1,5
Маңғыстау	0,7	2,6	Павлодар	0,2	1,4
Атырау	0,6	2,4	Нұр-Сұлтан қ.	0,5	1,4
Жетісу	-	2,4	Алматы қ.	0,5	1,4
Ақмола	0,6	2,2	Ұлытау	-	1,4
Солтүстік Қазақстан	0,6	2,2	Жамбыл	0,4	1,3
Қызылорда	0,6	2,0	Шығыс Қазақстан	0,6	1,3
Батыс Қазақстан	0,5	1,8	Шымкент қ. ¹	0,4	1,3
Қостанай	0,5	1,8	Абай	-	1,3
Ақтөбе	0,4	1,6	Түркістан	0,4	1,1
Алматы	0,5	1,5			

Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚРҰБ есептеулері

¹ Шымкент қаласы бойынша соңғы 3 жылдағы орташа мәні (2019-2021 жж.)